

Құрылыс
аяқталуға жақын
2-бет



Қабілетті
оқушы
3-бет



Жаңа судьяны
таныстырды
4-бет



КАТОНҚАРАҒАЙ АУДАНЫНЫҢ ГАЗЕТІ

ГАЗЕТ 1933 ЖЫЛДЫҢ 10 ТАМЫЗЫНАН
ШЫҒА БАСТАДЫ

№ 37 (7921)
Жұма,
9 қыркүйек 2016 жыл

Басылымға жауапты
«Арай» - «Луч» ЖШС

11 ҚЫРКҮЙЕК - ОТБАСЫ КҮНІ

Құрметті катонқарағайлықтар!

Адам өмірі отбасынан басталады, тұлға болып қалыптасуы да осында өрбиді. Отбасы - сүйіспеншіліктің, құрметтеудің, ынтымақтастықтың ошағы. «Отан отбасынан басталады» демекші, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуы, нығаюы әр отбасының дәулетіне байланысты. Отбасының аман-саулығы - әрбір елдің дамуы мен келешегінің кепілі. Отбасы күні - жылы лебіз, сезімдер мерекесі. Ендеше, бүгінгі күн әр аудан тұрғыны үшін жақын-туыстарына ілтипат танытып, махаббатын және шексіз алғысын тағы бір мәрте жеткізудің күні болғай.



Сіздерді махаббаттың, адалдық пен қамқорлықтың және сүйіспеншіліктің, ыстық ықыластың белгісі болып табылатын мерейлі мереке - Отбасы күнімен құттықтаймыз!

Әрбір отбасына қуаныш пен шаттық, жан жылуы мен бақ-береке тілейміз!

Құттықтаймыз!

Құрметті мұсылман бауырлар, жерлестер!

Құрбан айт баршамызға мүбәрак болсын!

Дін тірегі имандылық. Иmandылық әр адамды тек жақсы қасиеттерге тәрбиелейді. Әділет, парасат жолымен ғана жүруге үндейді. Тәуелсіздікке қол жеткізгелі бері діліміз, тіліміз, дініміз қайта оралып, ізгі еліміз күн санап өркендеуде. Айрандай ұйған ұлт өкілдері арасында қалыптасқан достық пиғылдағы келісім арқасында қазақ жерінде 140 этнос пен 17 конфессия бейбіт қатар өмір сүріп жатыр. Ауданымыздың мұсылман қауымы осында мекендейтін өзге дін өкілдерімен өзара бірлікте тату-тәтті өмір сүріп келе жатқандығын мақтан етуге болады. Еліміздің барлық азаматтары өздері таңдаған дінді уағыздап, өздерінің туған тілінде сөйлеп, мәдениеті мен салт-дәстүрлерін сақтауда. Мұның бәрі Мемлекет басшысының салиқалы саясатының жарқын дәлелі және ол біздің мемлекетімізде адамның құқықтары мен бостандықтарына, наным мен сенім еркіндігіне кепілдік беретін демократиялық қағидаттардың беріктігін білдіреді.

Ахметқали Нұрғожин, аудан әкімі,
Дүйсен Бралинов, аудандық мәслихат хатшысы.

Елімізде сүттей ұйған конфессияаралық келісімге ұйытқы болып, тек имандылықты, инабаттылықты, қайырымдылықты, жан және тән тазалығын ғана уағыздайтын ислам дінінің ұлт-аралық келісімді нығайтуға қосып отырған үлесі зор.

Ендеше, қадірменді ағайын, әр шаңыраққа шалқыған шаттық, баянды бақыт, қуаныш әкелетін барлық әлем мұсылмандарының мерейлі мерекесі Құрбан айтпен тағы да құттықтай отырып, әрбір отбасына бақыт, береке тілейміз. Алла Тағала баршамызға береке-бірлік, ынтымақ пен бейбіт өмір сыйласын. Құрбан айт құтты болсын! Ізгі ниеттеріңізге нұр жаусын!



Білім күні

МЕКТЕП ЖАҢА РЕФОРМА ЖЫЛЫНДА

Катонқарағай ауылындағы Ленин атындағы орта мектептің ұстаздары биылғы 1 қыркүйек - Білім күнін өздерінде қалыптасқан дәстүрлерінен айнымай, жоғары ұйымшылдық деңгейде атап өтті. Бір күн бұрын жауып өткен жаңбырдан кейінгі таңғы салқынға қарамай мектеп ауласы бірыңғай оқушы формасын киген оқушыларға, мерекедегідей киінген мұғалімдер мен ата-аналарға, мәдени шараны тамашалауға келген қонақтарға толып кетті. Егеменді елімізде өткізілетін барлық мемлекеттік мерекелердің ашылуына тән тәртіппен сап алдына Қазақстанның Туы әкелініп, Әнұранымыз ойнатылғаннан соң, бірінші болып аудан әкімі Ахметқали Нұрғожин құттықтау сөз сөйледі. Ол өз сөзінде халыққа білім беру жүйесін жетілдіруде елімізде Елбасымыз Н. Назарбаевтың басшылығымен атқарылып отырған игі істер жайында қысқаша әңгімеледі. Білім беру жүйесінде биылғы жылдан басталған реформаның мектепте сәтімен жүргізілуіне тілектестік білдіріп, ұстаздар ұжымының өткен оқу жылында қол жеткізген жетістіктерін атап өтті. Сөзінің соңында Ахметқали Ахашұлы ұстаздар қауымына толағай табыстар, зор денсаулық, оқушыларға жақсы үлгерім мен терең білім тіледі.

Мектеп директорының міндетін атқарушы Гүлжан Төлегенованың сөзі де тым әсерлі шықты. Өзінің қысқа да нұсқа айтқан құттықтауында ол білім беру жүйесіндегі өзгерістер жайында айта келіп, оларды біліктілікпен, ұйымшылдықпен іске асыруға әріптестерін шақырды. Бұдан кейін биылғы оқу жылына мектеп ұжымының қандай дайындықпен келіп отырғандығын баяндап берді. Г. Төлегенованың айтуынша, жаңа оқу жылының табалдырығын барлығы 406 оқушы атап отыр. Олардың 43 бірінші сыныпқа келген бүлдіршіндер болса керек.

Мерекелік жиынға қатысушыларға он бірінші сынып оқушылары дайындаған «Мәңгілік ел» музыкалық композициясы көрсетілді, бірінші сыныптың бір топ оқушылары мұғалімдері Гүлфайруз Сахариеваның жетекшілігімен мектеп жайында тақпақтар айтып, ән орындады. Мұғалімдер мен оқушыларды, алғашқы

қоңырауға жиналған жалпы қауымды бүгінгі мерекелерімен ата-аналар атынан Мадина Байбосынова да шын жүректен



құттықтады.

Бірнеше облыстық, республикалық олимпиадалардың жүлдегері, он бірінші сыныптың оқушысы Диана Нұғманова мен бірінші сынып оқушысы Артур Кильтер ауланы айнала жүріп соққан алғашқы қоңыраудан кейін оқушылар өз сынып-

тарына барып, сабақ оқуды бастап кетті.

Алдын ала жасалған келісім бойынша, Е.П. РЫКОВ атындағы орта мектепте алғашқы қоңырау мерекесі әдеттегіден бір сағат кейін басталды. Аудан әкімі Ахметқали Нұрғожин көршілес мектептегі мерекелік шара аяқталғаннан кейін, Рыков атындағы орта мектепке де келіп, білім ұясының жаңа оқу жылына дайындығын өз көзімен көріп, мұғалімдер мен оқушыларды, ата-аналарды алғашқы қоңырау мерекесімен құттықтады. Аудандық оқу бөлімінің бастамасымен төменгі сынып оқушылары арасында ұйымдастырылып, қорытындысы «Балаларды қорғау Күні» мерекесінде шығарылған «Балбөбек» шығармашылық байқауында жеңіске жеткен Яна Барсукованы Мадақтама парағымен марапаттады. Аталмыш мектепте де алғашқы қоңырау мерекесі жоғары шығармашылық деңгейде, көңілді өтті. Мектеп оқушылары ән айтып, би билеп, ұстаздары мен қонақтарға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Жәнібек Қызыр.
Сурет автордікі.

Оқу жылы сәтті болғай!

Көкбастау ауылы Үлкен Нарын ауылдық округінің оңтүстік-шығысында орналасқан. «Юбилейное» кеңшары таратылған 90-шы жылдардың басында ауылдың құрып кету қаупі болды. Көптеген бос қалған, қираған үйлер осының куәсі болды.

Көкбастау ауылына ҚХР-дан қандастарымыз қоныс аударғаннан бері, мұндағы жағдай түбегейлі өзгерді. Бастапқыда оларға оңай болмады: өйткені, бүкіл саналы өмірлерін заңы да, тәртібі де, өмір сүру салты да өзге елде өткізген. Олардың барлығы бірдей біздің жақты жерсініп, кетпеді, бастапқыда тек қана тұтынушылық ниетпен, мемлекет қолдауына иек артқандар ауылдан кетті. Дегенмен, оларға да мемлекет зор қолдау көрсеткен.

Оралмандардың басым бөлігі өте еңбекқор адамдар. Бұл қасиет олардың Көкбастау ауылында орнығып қалуларына көп ықпал етті. Аудандық әкімдік пен ауылдық округ әкімшілік олар үшін басты мәселе - жыртылмалы және шабындық мәселелерін шешті.

Бердібек Саханов басқаратын жергілікті мектеп ұжымы да жаңадан қоныстанған қандастарымыздың көзқарастарын өзгертуге зор ықпал етті. Б. Сахановтың бастамасымен алғашқы жылдарда оралмандар арасында жиналыстар мен жалпыға міндетті оқуларда жергілікті халықтың қалыптасқан салт-дәстүрлерін,

заңдылықтарды, қоғамдағы тәртіпті, өзін-өзі ұстауды насихаттау бойынша біршама жұмыстар атқарылды. Сондықтан да болар, шеттен келген қандастарымызға бұл жердің ауыл тұрғындарымен қоян-қолтық араласып кетуіне көп септігін тигізді. Қазіргі уақытта Көкбастау - тірлігі мен бірлігі жарасқан біртұтас елдімекенге айналды.

Бұған экономикалық көрсеткіштер куә. Ауылдағы 315 адамның 206-ы оралмандар, мұнда қазіргі уақытта



1500 бас ірі-қара, 2 мыңнан астам ұсақ малдар бар. Тұрғындар тек мал өсірумен ғана емес, егін егіп, бау-бақша күтумен де шұғылданады.

МЕКТЕП — АУЫЛДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-МӘДЕНИ ОШАҒЫ

Жабылуға немесе қайта құруға жақын қалған Юбилейное орта мектебі оралмандардың балалары қосылған соң, қайта жанданды. Қазір мектепте 67 оқушы бар, олардың 49-ы оралмандар отбасынан.

Мектеп ұжымының негізін жастар құрайды. Ұстаздардың дені 35-40 жастағылар. Мұндағы бір ерекшелік - ұстаздар ұжымының құрамы. Мектептегі 19 ұстаздың 10-ы жас жігіттер, яғни, олар ұстаздар ұжымының 60 пайызын құрап отыр. Бұл - қазіргі уақытта өте сирек кездесетін жайт.

(Соңы 2-бетте)

Оқу жылы сәтті болғай!



Өткен оқу жылында оқушылардың қолжеткізген жоғары көрсеткіштері – сапалы білім мен нәтижелі жұмыстың жемісі.

Аудандық олимпиадаларда олар төрт – бірінші, жеті – екінші және екі – үшінші орындарды иеленген. Облыстық олимпиада мен конкурстарға қатысып, төрт – бірінші, екі – екінші, алты – үшінші орындарды иеленген. Үш оқушы – облыстық және бір оқушы – республикалық олимпиадалардың сертификатына ие болды. ҰБТ көрсеткіші бойынша аудан орташа есеппен 79,8 балл жинақтаса, мектеп 85,2 балл жинады.

Бердібек Тоқтарұлын мектептің болашағы да қуантады. Жаңа оқу жылында тоғыз бүлдіршін тұңғыш рет мектеп табалдырығын аттады.

Даярлық тобында жеті бала, шағын орталықта 20 бала тәрбиеленуде. 2016-17 оқу жылын мектеп ұжымы нақты жоспарлармен бастады. Дәстүрлі алғашқы қоңырау мерекесіне ата-аналар, ардагер-педагогтар, ұстаздар мен оқушылар жиналды.

Мерекенің басты кейіпкерлері – алғаш мектеп табалдырығын аттағандар. Аталмыш шара зор ұйымшылдықпен өткенін атап өту қажет.

Мерекелік шараға аудандық «Нұр Отан» партиясы төрағасының бірінші орынбасары Гүлбаршын Ағажәева қатысып, мектеп ұжымы мен ата-аналарды Білім күнімен құттықтады, аудан әкімінің құттықтауын жеткізді.

Жаңа оқу жылы басталды. Бұл жыл аудан ұстаздары мен оқушыларына оқуда да, қоғамдық маңызды істерде де сәтті болғай.

Жомарт Жақыпов.
Сурет автордікі.

ҚҰРЫЛЫС АЯҚТАЛУҒА ЖАҚЫН



Елімізге танымал археолог-ғалым Зейнолла Самашевтың басшылығымен биылғы жазда «Берел қорғанында» жалғастырылған қазба жұмыстарында №2 қорғаннан ағаш табытқа салынып жерленген адамның (археологтардың болжамы бойынша сақ патшасының әйелі болуы мүмкін) және бастарын күншығысқа қаратып қойылған жеті аттың қаңқа сүйектері мен қыштан жасалған құмыра табылғанды. Адамның мәйітіне жақын жатқан аттың жүгеніне әшекейлі зат ретінде бекітілген алтын жапырақшалар да сол күйінде

сақталыныпты. Осы құнды жәдігерлерді көрген Даниал Кенжетайұлы Ахметов-жанында жүрген көмекшілеріне бірден тапсырма беріп, мұндағы болашақ мұражайдың тағдырын шешіп кеткенді.

Аймақ басшысы Даниал Ахметовтың тапсырмасымен және қаржылай қолдауымен Берелдегі «Патшалар жазығында» басталған осы ашық аспан астындағы мұражайдың құрылыс жұмыстары аяқталып келеді. Қолға алған істің, жүктелген міндеттің маңыздылығын жанымен түсінген «Элхон» ЖШС-нің құрылысшылары өткен бір ай ішінде көп

жұмыстарды атқарып тастапты. Атап айтқанда, тереңдігі алты метрлік қорған қабырғаларының топырағы құламастай етіліп, арнайы заттармен бекітілген, адам мәйіті жатқан бұрынғы қима таған мен ағаш табыт бұрынғы кейпінен айнымайтындай етіліп қызыл қарағайдан қайта жасалынған. Қорғанның ішіне түсетін жабық баспалдақ салынып, оған әшекейлі бетон тақтайшалар төселінген. Қорғанның төбесін киіз үйдің формасымен шынылап жабу үшін, темірден каркас орнатылып, оның етек жағы айнала шақпақ тастармен көмкерілген.

Құрылысшылар бригадирі Дамир Алтайбековтың айтуынша, оның қоластында еңбек етіп жүрген жиырма бір құрылысшының барлығы да өз істерін жетік білетін, тас қалауда да, ағаш шабууда да, жер қазуда да қолдары жүретін бесаспап мамандар екен. Сондықтан да, ол көпшіліктен ерекше еңбек етіп жүргендерді бөле-жара атап кетуде қинала тұра автокраншы Сейілбек Мұқашев, электрик Қанат Бауыржанов, Серік Ботабаев, тас қалаушы Григорий Рыжковтардың есімдерін бірінші болып

ауызға алды.

«Берел» қорғандарындағы жұмыстардың басы-қасында жүрген мұражайдың директоры Жангелді Ахмадиев пен археолог-ғалым Зейнолла Самашев әңгіме барысында тарихи орындағы кейбір түйінді мәселелердің оңды шешілуіне ықпал етіп қана қоймай өзі бел шеше кіріскен облыс әкімі Д. Ахметовке, ашық аспан астындағы мұражайдың құрылысын жүргізуде аянбаған «Элхон»



ЖШС-нің басшысы, облыстық мәслихат депутаты Лұқбек Тумашиновке деген ризашылық сезімдерін жасырмады.

Жәнібек Қызыр.
Сурет автордікі.

■ Жолдарды көркейтту

ДЕМАЛЫП, САПАРЛАРЫН ЖАЛҒАСТЫРАДЫ

Үлкен Нарын-Күршім бағытындағы автомобиль жолының 61-ші километріндегі әсем табиғат аясында, екі ауданның шекарасында «ОблШығысЖол» КМК ӨЖУ-7 жұмысшыларының күшімен жүргізушілер үшін демалатын жол шетіндегі бастаудың маңайы көркейтілді.

... Теректердің көлеңкесінде салқын және мөлдір суы бар бастау, орнатылған құбыр бойымен науа арқылы сарқырап

тұр...

- Мұны, өзге де шағын сәулеттік мүсіндердей, тапсырыс бойынша Әскемен қаласында жасаттық, ал тұғырын, жалпақ тастардан өзіміз жинастырдық,- дейді учаске бастығы Жәнібек Елеусізов. – Маралдың мүйізі табиғи – шын маралдың мүйізі, тамаша. Бұл соңғы жылдарда «ОблШығысЖол» КМК жұмысшыларының күшімен жолаушылар үшін көркейтілген жол шетіндегі бесінші бастау. Біз бұл жерде көліктер

тонна қиыршық тас пен 120 тонна өзен және гранит тастарын пайдаландық.

Шілде айының ортасынан бастап, мұнда ӨЖУ-7-нің бүкіл ұжымы ты-

Жаңаланған демалыс орны жайлы жолаушылар да зор алғыстарын жеткізуде.

- Біз Марқакөл ауданынанбыз, қазір Зырянда тұрамыз, сондықтан, туған



ағып жатыр. Шаршаған жолаушылар бұл жерде тамақтанып, жаңадан темірден жасалған күркенің астында демалып, Бұқтырма су қоймасына және Нарын жоталарына қарап сүйсінеді. Онан соң, әртүрлі өзен тастарынан жасалған соқпақ бойынша, әсем көпір арқылы тұрақта тұрған көліктеріне отырып, сапарларын жалғастырады.

Сол жақта – биіктігі екі метр болатын тұғырға орнатылған маралдың мүсіні

үшін эстакада, сары силикат кірпіштен әжетхана, арық үстіне көпір, қоқыстар үшін контейнер мен урналар орнаттық, бастаудың маңын асфальттадық, үстел мен орындықтар қойылған күркені жасадық, бастаудың арнасындағы қоқыстарды, маңындағы қураған ескі ағаштар мен арамшөптерді тазаладық. Бір сөзбен айтқанда, бұл аумаққа санитарлық тазалық жүргіздік. Бұл жерді көркейтту үшін 200 тонна асфальт, 150



ным көрмей еңбек етті және өздерінің кәсіби мерекелері – 14 тамыздағы Құрылысшылар күні қарсаңында бұл міндетті жолшылар абыроймен атқарып шықты.

Айта кетерлік жайт, жол саласында ұзақ жылғы және мінсіз қызметі үшін учаске бастығы Жәнібек Елеусізов биылғы мереке қарсаңында Қазақстан Республикасының «Құрметті жолшы» кәсіби атағына ие болды. Жәнібек Қайыпқожаұлы Катонқарағай ауданында жол саласында еңбек еткендердің ішінде осы жоғарғы наградаға ие болған алғашқы маман. Біз оны осы қуанышымен құттықтаймыз!

жерімізге жиі-жиі баруға тура келеді, - дейді Айдарбек Тұратауов пен Әлимаш Хамитова. – Бұрын біз жаз айларында балаларымызбен бірге Васильевск және Казнаковка өткелдері арқылы жүруге тырысатынбыз, өйткені, мына жақтың жолы нашар болған. Ал, қазір бұл жолға асфальт төселуде және өздеріңіз көргендей, жол бойындағы бастаудың маңы тамаша етіп көркейтілген. Оның үстіне, бұл жердің табиғаты да тамаша. Сондықтан, біз енді тікелей осы жолмен жүретін болдық.

Шамиль Багаутдинов.
Сурет автордікі.

■ **11 қыркүйек - Отбасы күні**

Брифинг өткізді

2016 жылғы 1 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Орталық коммуникациялар қызметі алаңында Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия мүшелері бұқаралық ақпарат құралдарына «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсын өткізу мәселелері бойынша, сондай-ақ Ұлттық комиссияның бастамасымен өтіп жатқан Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығын мерекелеу құрметіне арналған «25 пайдалы іс» республикалық акциясының іске асырылу барысы туралы брифинг өткізді.

«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы рухани-адамгершілік құндылықтарды, үлкендерге құрмет пен сүйіспеншілікке негізделген отбасылық салт-дәстүрлерді сақтауға және ұрпақтан ұрпаққа жалғастыруға бағытталған.

Ұлттық комиссия төрайымының орынбасары Л.Сүлейменнің айтуынша биыл жалпы республика бойынша Конкурсқа 2579 отбасы қатысты (2015 жылы – 2285 болған). Қатысушылардың белсенділігі Ақтөбе (417 отбасы), Қызылорда (297 отбасы) және Оңтүстік Қазақстан (294 отбасы) облыстарында жоғары болды. Бұл ретте, барлық қатысушылардың 40%-дан астамы көпбалалы отбасы-

лар болғанын атап өту қажет. Сонымен қатар, 2015 жылмен салыстырғанда еңбек әулеттерінің саны 32%-ға өсті (2015 жылы – 367, 2016 жылы – 483) және іріктеу кезеңдеріне қатысқан жас отбасылардың саны 35%-ға ұлғайды (2015 жылы – 350, 2016 жылы – 472). Конкурсқа 19 этностың, сондай-ақ 53 интернационалдық отбасының өкілдері қатысты. Сондай-ақ конкурста отбасы мүшелері жоғары спорттық, шығармашылық, зияткерлік және ғылыми жетістіктерге қол жеткізген отбасылар да бақтарын сынады.

Еліміздің барлық облыстарынан, Астана және Алматы қалаларынан 16 үміткер-отбасы Ұлттық конкурстың финалдық кезеңіне өтті.

«Мерейлі отбасы» конкурсының ақтық кезеңінде жеңімпаздарды анықтауға республиканың барлық азаматтары дауыс беру жолымен тікелей ат салыса алады. Дауыс беру 2016 ж. 2 – 9 қыркүйек аралығында мынадай үш тәсілмен өткізілетін болады: kaztube.kz порталында онлайн-дауыс беру, 8-803-8000 (01,02,03) номер бойынша телефон арқылы (соңғы екі сан отбасының номеріне байланысты) және 6284 қысқа номеріне отбасының номерін көрсете отырып SMS-хабарлама жолдау арқылы жүзеге асырылады.

Дауыс берудің қорытындылары 2016 жылғы 10 қыркүйекте сағат 11.00-де Астанадағы «Қазақстан» ОКЗ өтетін

«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының жеңімпаздарын марапаттау рәсімінде жарияланатын болады. Жеңімпазға «Мерейлі отбасы» лауреаты деген атақ беріледі.

Өз кезегінде ҚР Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның мүшесі, «Экомед» адам ұрпағын өрбіту емханасының жетекшісі Салтанат Байқошқарова брифингке қатысушыларды «25 пайдалы іс» республикалық акциясының іске асырылу барысынан хабардар етті.

Жоспарда республикалық және өңірлік деңгейлердегі 25 нақты іс-шара қамтылған. Аталған жоспар бойынша келесі жұмыстар жүргізілді. Тараз қаласында «Әйелдер сыбайлас жемқорлыққа ЖОҚ дейді» атты республикалық конференция болып өтті, ұмыт болған қазақ ұлттық тағамдарының және «нео-фольклор» стиліндегі ұлттық киім дизайнерлерінің республикалық конкурстары ұйымдастырылды. Ағымдағы жылдың 19 – 20 мамыр аралығында дарынды жетім балалар мен мүмкіндігі шектеулі балалар арасында Қазақ ұлттық өнер университетінде тегін оқу гранттарын иеленуге бағытталған «Шабыт-Мерей» әндер фестивалінің байқауы өткізілді. Өңірлерде Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігін

нығайтуға үлес қосқан әйелдердің жастармен кездесулері, отбасы, отбасылық құндылықтар, мүгедек балаларды қолдау мәселелері бойынша конференциялар ұйымдастырылды.

«Экомед» клиникасы отбасылық жұптар үшін балаларды жоспарлау, бедеулікпен емделу мәселелері бойынша тегін шеберлік сыныптарын, консультациялар өткізді.

Қызылорда облысында 1 маусым Балаларды қорғау күні қарсаңында Жаңақорған аудандық ауруханасының балалар неврология бөлімшесін оңалту құралдарымен жабдықтау бойынша қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды.

Атырау облысында 25 кәсіпкер әйелдің балалар үйінде тәрбиеленіп жатқан – 25 жетім балаға депозиттер ашу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Барлық өңірлерде «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры арқылы кәсіпкер әйелдерге арналған тегін семинарлар ұйымдастырылды, бұл өз кезегінде 2576 әйелді, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі әйелдерді тегін оқумен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

ҚР Президенті жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат бойынша Ұлттық комиссия Секретариаты.

Үштілділік

Қабілетті оқушы

Орыс отбасының қызы Устинья қазақ мектебіне оқуға барып, Үлкен Нарын ауылдық лицейінде ағылшын тілін өркін меңгеруде.

Балабақшада жүргенде Устинья Гостева қазақтың әндерін сүйіп тыңдайтын. Қазақ әндерін балабақшада өткен ертеңгіліктерде, үйде орындайтын. Ал, Дамитов мектебінің бастауыш сыныбына барам дегенде, оның ата-анасы қарсы болмады. Устиньяның атасы Владимир Гостев ОКТМ-22 –де өндірістік оқыту шебері болып ұзақ жылдар жұмыс істеген, ол Көктерек ауылының тұрғыны, қазақ тілін де тамаша меңгерген. Ал, Устинья мектепалды даярлық сыныбында оқығанда, қазақ тіліне деген қызығушылық пайда болған сыйлы. Қабілетті оқушы алғашқы ұстазы Айгүл Мөлғаждарованың берген білімін бар ынтасымен игеруге тырысқан.

Әрине, бастауыш сыныптарда Устиньяға оңай болмады. Үй тапсырмаларын өзбетімен орындауға тура келді, кейде құрбыларының – қазақ қыздарының көмегіне жүгінді. Мұнда да оның жолы болды, ұстазы – талантты педагог Кенжегүл Нұрқанова болды. Ең бастысы – кішкентай қыздың оқуға деген ынтасы зор болды.

- Әсіресе, тілді жетілдіруге көркем әдебиет пен өлеңдер оқу жақсы ықпал етеді,- дейді Устинья. – Қазақ халқының «Ақынның тілі қылыштан өткір, қылдан нәзік» деген мақалы бар ғой. Менің қазіргі уақыттағы ең жақсы құрбыларым – қазақ қыздары. Олар – Айдана Қуанышпаева, Данель Қанапина, Әмина Серікқызы және басқалар. Олар маған алғашқы жылдарда көп көмек көрсетті.

Бесінші сыныпта оқып жүргенде Устинья Ұлы Жеңістің мерейтойына арналған қазақ жазушылары мен ақындардың шығармалары мен өлеңдері бойынша

ұйымдастырылған конкурстың жеңімпазы атанды.

Дамитов мектебінде 5 жыл оқыған соң, Устинья Үлкен Нарын ауылдық лицейіне ауысты және қазіргі уақытта жетінші сыныпта оқып жүр. Мұнда ол тек мемлекеттік тілді ғана игеріп қоймай, ағылшын тілін де меңгеруге тырысуда.

- Бізге ағылшын тілінен Карина Жақпарқызы Кешубаева сабақ береді,- дейді Устинья. - Ағылшын тілі халықаралық қатынас тілі болғандықтан ол маған болашақта өте қажет екенін білемін. Өйткені, мен журналистика саласын меңгеріп, телевидениеде қызмет еткім келеді. Ал, тележурналистикада үш тілді міндетті түрде білу қажет. Тіпті, қазірдің өзінде тек бұл салада ғана емес, күнделікті қарым-қатынаста ағылшын тілі қажет деп ойлаймын. Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XXII сессиясында сөйлеген сөзінде үш тілді білу – ол болашаққа жолдама алу деген, және үш тілде білім беру жобасын әзірлеу туралы тапсырма берген.

Устинья ағылшын тілінде ән айтып, өлең оқиды, әртүрлі конкурстарға, концерттерге қатысады. Жалпы, ол шығармашылық жағынан талантты қыз. Биыл ол музыка мектебінің фортепиано класының жетінші сыныбында оқиды. Сурет салуды ұнатады. Аудандық Достық Үйі ұйымдастыратын барлық шараларға қатысады.

- Бұрын мен тек орыс тілінде ғана ойланатынмын. Ал, қазір өзімнің қазақ тілінде де ойланатынымды байқаймын. Демек, бұл тіл – менің ана тіліме айналды. Біртіндеп, ағылшын тілі де өз тіліме айналатын сияқты,- дейді менің сұхбаттасым.

Бұл өте тамаша. Өйткені, ғалымдар айтқандай, адамның бірнеше ана тілі болғанда, оның зияткерлік әлеуеті әртілдің «ықпал ету зонасын» қалыптастырады. Яғни, адамның қай тілде ойлауы қажет екендігін түйсігі анықтайды. Сондықтан, бірнеше тілде сөйлеп, ойлай алатын адамдар ғылымда да, күнделікті өмірде де әртүрлі мәселелерді анағұрлым нәтижелі және сәтті шешеді.

Шамиль Багаутдинов. Сурет автордікі.

Мүлікті жария ету бойынша ТАМАША МҮМКІНДІК

«Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар адамдарға олардың мүлікті жария етуіне байланысты рақымшылық жасау туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 30 маусымдағы Заңына сәйкес мүлікті жария ету 2016 жылдың 31 желтосанына дейін жүргізіледі.

Мүлікті жария ету – табыстарды жасыру мақсатында заңды экономикалық айналымнан шығарылған және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделмеген не тиісті емес тұлғаға ресімделген мүлікке құқықтарды мемлекеттің тану рәсімі.

Жария етілген мүлікті және ақшаны кейіннен заңды түрде кез келген мақсатта пайдалануға болады.

Рақымшылық жария ету субъектілеріне келесідей кепілдіктерді береді:

- мемлекеттік органдар мүлікті жария етуге байланысты барлық ақпараттардың жабық болуын қамтамасыз етеді, сондай –ақ банктік, салықтық және қызметтік құпиялар сақталады;

- жария етілген мүліктер кофискацияға жатпайды;

- мүлікті жария еткен тұлғаларға мемлекеттік құзыретті органдар тарапынан процессуалдық іс әрекеттерді жасауға тыйым салынған.

Бұл, мемлекет мүлікке құқықты қабылдай отырып, рақымшылық етіп, Заңда анықталған тізімге сәйкес құқық бұзушылық жауапкершіліктерден босатады. Сәйкесінше, қылмыстық ітер қозғалмайды, ал қозғалған істер қысқартуға жатады.

Ақшаны жария ету акциясы азаматтар үшін де экономика үшін де тиімді. Жария етудің тиімді жақтарының бірі, әсіресе ақшаға қатысты, табыс болып табылмайды, сондықтан оларға салықтық ауыртпашылық болмайды. Егер сіз ақшаны жария ету мақсатында арнайы банк шотына аударсаңыз, онда бюджетке 10 % алым төленбейді.

Сондай-ақ, бұрын ақшаны жария ету үшін оны банк шоттарында 60 айдан кем болмайтын уақытқа

сақтайтын міндеттеме болған. Бүгінгі таңда ондай қажеттілік жоқ, жарияланған соң ақшаны өз қалауларыңша жұмсауға болады.

ҚР аумағынан тыс жердегі мүліктерді жария ету үшін мелекеттік кірістер органдарына жеке құжаттармен декларацияны тапсыру жеткілікті. Сонымен бірге, жария ету субъектісінің өзімен анықталатын жария ететін мүліктің құнынан 10 % алым бюджетке төленеді. Испеттестікпен 10%-дық алымның төлеуіңізсіз басқа тұлғаның немесе жария ету субъектісінің атына ресімделген мүлікті жария етуге болады.

Қазіргі уақытта өткізіліп жатқан Жарна – келешекте пайда болу табиғатын дәлелдей алмайтын мүлік пен ақшаны заңдастыруға нақты мүмкіншілік. Ашылуға қадам жасауға және мүліктің қалай алынғаны туралы сұрақтың туындауынан қорқудың қажеті жоқ. Өйткені, осы Жарнаны пайдаланған тұлғалар, жария етудің ерекшеліктеріне және қолжетімділігіне көздері жетті, осы Заң шынайы жұмыс жасап, сенімділік қамтамасыз ететіндігін дәлелдеді.

Осылайша, бүгінгі күні Өскемен қаласында мемлекетпен берілген бірегей мүмкіншілікпен 857 млн. 691 мың теңге заңдастырған 8 тұлға пайдаланды. Осымен бірге, бір тұлғамен шет елдегі жылжымайтын мүлік заңдастырылды.

Жоғарыда келтірілген деректер Сіздерге алғашқы қадам басуға бағыт болсын деп тілей отырып, Шығыс Қазақстан аумағының тұрғындарын заңды айналымнан шығарылған ақша мен мүлік болған жағдайда, әшкереленуді тоспай, тез арада жария ету субъектісінің тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кірістер органдарына кеңес алу және декларация табыс ету үшін жүгіну қажет.

Мүлік пен капиталдың түгенділігі және мүлтіксіз сақталуы Сізге байланысты!

Жария ету сұрақтары бойынша Тәуелсіздік даңғылы, 86, (402 каб), тел. 75-41-20, 75-19-16 (Өскемен қ. бойынша МКБ) немесе 24-47-93 (ШҚО бойынша МКД) жүгінулеріңізді сұраймыз.

■ Аудандық сотта

ЖАҢА СУДЬЯНЫ ТАНЫСТЫРДЫ

2016 жылдың 31 тамызында Катонқарағай аудандық сотының төрағасы Б.Т. Секербеков «Қазақстан Республикасының аудандық және оған теңестірілген соттарының судьяларын қызметке тағайындау туралы» ҚР Жарлығымен Катонқарағай аудандық сотына тағайындалған жаңа судья Нұрлан Серікқанұлы Нұрсапиновты таныстырды.

Аудандық әкімдіктің аппарат басшысы Р.Құрманбаев, аудандық ІІБ-нің орынбасары Е.Манажанов, аудандық мәслихаттың өкілі Б.Болаев және сот қызметкерлері қатысты.

Сонымен қатар Б.Т. Секербеков жиынға қатысушылардың Н.С. Нұрсапиновтың өмірбаянымен, қызметтік жетістіктерімен таныстырып, жаңадан тағайындалған судьяға болашақта сот қызметінде сәттілік тіледі.



Катонқарағай аудандық сотының төрағасы Б.Т.Секербековтың басшылығымен ҚР Конституциясы күнін мерекелеуге арналған салтанатты жиын өтті.

Іс-шараға аудандық соттың қызметкерлері қатысты. Жиынды аша келе, аудандық сот төрағасы Конституцияға сәйкес, сот билігі жүзеге асырылады және азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауға, Республика Конституциясының, заңдарының өзге де нормативтік-құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуге қызмет ететінін атап өтті.

Сонымен қатар, басты құндылық ретінде халық бірлігі, қоғамдық және рухани келісім, саяси тұрақтылық конституциялық құрлыстың базалық негізі болып табылатынын атап көрсетті.

Мемлекеттің, қоғамның тұрақты даму жолында жоғарғы экономикалық даму және азаматтардың әл-ауқатының жақсаруы ел Конституциясымен қамтамасыз етіледі. Іс-шара соңында аудандық сот төрағасы Б.Т.Секербеков жиынға қатысушылардың істеріне табыс тіледі.



Катонқарағай аудандық сотының баспасөз қызметі.

БЖЗҚ-ДАН БЕС САУАЛ**1. БЖЗҚ-дағы салымшылардың жалпы саны және зейнетақы жинақтарының сомасы бүгінде қандай?**

2016 жылғы 1 тамызда шарттардың барлық түрі бойынша салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) саны 10,15 млн. бірліктен асты, оның ішінде міндетті зейнетақы жарналары есебінен жасалғаны шамамен 9,7 млн. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша салымшылар саны – 405 713 бірлік, ал ерікті зейнетақы жарналары бойынша 39 мыңнан астам бірлік. Зейнетақы жинақтарының жалпы сомасы 6,35 трлн. теңгеден асты.

2. Аннуитетті шарттар дегеніміз не?

Қолданыстағы заңнама аясында «БЖЗҚ» АҚ-дан (БЖЗК) зейнетақы төлемдерін «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының заңында (Заң) көзделген белгілі бір жағдайлар орын алған кезде алуға болады. Ең алдымен, зейнетақы төлемдерін алу құқығы БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар және зейнет жасына толған тұлғаларға беріледі.

Сонымен қатар, мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленетін болса, бірінші және екінші топтардағы мүгедектер зейнетақы төлемдерін алуға құқылы.

Сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасау арқылы белгіленген зейнет жасынан бұрын зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар тұлғаларды бөлек атап көрсетуге болады. Зейнетақы аннуитеті шарты – сақтандыру шарты, оған сәйкес сақтанушы (зейнетақы төлемдерін алушы) сақтандыру ұйымына зейнетақы жинақтарының сомасын беруге міндеттенеді, ал сақтандыру ұйымы сақтанушының (зейнетақы төлемдерін алушының) пайдасына өмір бойы немесе белгілі бір уақыт кезеңінде сақтандыру

төлемдерін жасауға міндеттенеді.

Заңның 31-бабының ережелеріне сай ең аз зейнетақы мөлшерінен кем емес төлемді қамтамасыз етуге зейнетақы жинақтары жеткілікті болған кезде міндетті зейнетақы төлемдері есебінен зейнетақы төлемдерін алуға:

55 жасқа толған ерлер;
50 жасқа толған әйелдердер (2016 жылғы 1 наурыздан бастап),

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап - 50,5 жасқа толған әйелдердер;

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап - 51 жасқа толған әйелдердер;

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап - 51,5 жасқа толған әйелдердер;

2021 жылғы 1 қаңтардан бастап - 52 жасқа толған әйелдердер;

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап - 52,5 жасқа толған әйелдердер;

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап - 53 жасқа толған әйелдердер;

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап - 53,5 жасқа толған әйелдердер;

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап - 54 жасқа толған әйелдердер;

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап - 54,5 жасқа толған әйелдердер;

2027 жылғы 1 қаңтардан бастап - 55 жасқа толған әйелдердер құқылы.

Зейнетақы жинақтарының жеткіліктілігі сақтандыру ұйымымен жасалған зейнетақы аннуитеті шартының талаптарымен анықталады, зейнетақы жинақтарын аудару туралы шешім қабылдай отырып, шартпен өте мұқият танысу қажет.

3. Шартты-жинақтаушы құрамдауыш дегеніміз не? Оның зейнетақыға әсері қандай?

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданыстағы жинақтаушы зейнетақы жүйесіне өзгерістер, яғни шартты-жинақтаушы құрамдауыш немесе жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) енгізіледі.

Ол үшін БЖЗҚ-да әрбір қызметкерге шартты зейнетақы шоттары ашылатын болады, қызметкердің атына жұмыс беруші өз қаражаты есебінен қызметкердің айлық табысынан 5% мөлшерінде ЖМЗЖ аударатын болады. Жаңа ЖМЗЖ артықшылығы – жұмыс беруші жарна салып отырған зейнеткер бұл құрамдауыштан зейнетақыны өмір бойына, тіптен шартты зейнетақы шотындағы қаражат таусылып қалса да алады (жинап келгенде кемінде 60 күнтізбелік ай ЖМЗЖ аударылған жағдайда).

4. Салымшы қайтыс болған жағдайда, зейнетақы жинақтары кімге, қалай және қандай көлемде мұраға қалдырылады?

Міндетті, міндетті кәсіптік және ерікті зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы жинақтарын заңнамада белгіленген тәртіппен өсиетхат бойынша да, заң бойынша да мұраға алуға болады. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің ережелеріне сай мұрагерлер заң бойынша кезектілік тәртібімен мұрагерлікке шақырылады. Заң бойынша мұрагер болу құқығын бірінші кезекте мұра қалдырушының балалары, сондай-ақ оның жұбайы (зайыбы) мен ата-анасы тең үлеспен алады. Бірінші кезектегі мұрагерлер болмаса, заң бойынша мұрагер болу құқығын екінші кезекте мұра қалдырушының бір әке, бір шешеден туған және әкесі немесе шешесі бөлек аға-інілері мен апа-қарындастары (сіңілілері), сондай-ақ оның әкесі жағынан да, анасы жағынан да атасы мен әжесі тең үлеспен алады. Егер бірінші және екінші кезектегі мұрагерлер болмаса, заң бойынша мұрагер болу құқығын үшінші кезекте мұра қалдырушының әкесімен бірге туған ағалары мен апалары, нағашы ағалары мен нағашы апалары тең үлеспен алады. Егер бірінші, екінші және үшінші кезектегі мұрагерлер

болмаса, заң бойынша мұрагер болу құқығын мұра қалдырушының алдыңғы кезектегі мұрагерлеріне жатпайтын үшінші, төртінші және бесінші туыстық дәрежесіндегі туыстары алады.

Заңнамада белгіленген тәртіппен мұрагерлік құқық рәсімделген және зейнетақы жинақтарын төлеуге қажет құжаттар БЖЗҚ-ға берілген соң зейнетақы жинақтары мұрагерлерге зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініште көрсетілген банк шотына аударылады.

5. Қазақстан аумағындағы шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен жеке зейнетақы шотын ашу туралы өтініш беріп, ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасай ала ма?

Заңның 2-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар, егер заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының азаматтарымен бірдей зейнетақымен қамсыздандырылу құқығын пайдаланады.

Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер және азаматтығы жоқ тұлғалар жеке басты куәландыратын құжаты (шетелдіктер үшін тұруға ықтиярхат, азаматтығы жоқ тұлғалар үшін азаматтығы жоқ тұлғаның кәуілігі) болған кезде Қордың кез келген бөлімшесіне міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен жеке зейнетақы шотын ашу туралы өтінішпен бара алады. Сол жерде ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасауға болады.

СЫБАЙЛАС-ЖЕМҚОРЛЫҚ ДЕГЕН НЕ, ОНЫМЕН КҮРЕС ҚАҒИДАЛАРЫ

(Жалғасы. Басы газеттің өткен сандарында)

ҚР ҚК 20 бабының 1 бөліміне сәйкес әдейі жасалған қылмыс болып тікелей немесе жанама жымысқылықпен жасалған іс-әрекет болып мойындалады. Осы баптың 2,3 бөлімінде қылмыс тікелей жымысқылықпен жасалған болып мойындалады, егер адам өз іс-әрекетінің қоғамдық қауіптілігін сезіне отырып, қоғамдық қауіпті салдарын көре білді және соның болғанын қалады; қылмыс жанама жымысқылықпен жасалған деп мойындалады, егер ол қоғамдық қауіпті іс-әрекеттің болуын білді, болғанын қаламады, бірақ санамен оның салдарының бойын білді немесе немқұрайды қарады.

Сондықтан адамның қоғамдық қауіпті іс-әрекет жасаған мезетте өзінің іс-әрекетін сезінуі, білуі, оларға басшылық жасауы, яғни саналы болуы кінәнің міндетті бөлшегі болып табылады.

4. Қылмыстың тағы бір белгісі -- оны жазалау, бірақ ол міндетті түрде қылмыстың соңынан келетін іс емес. Жазалауды жазалау қауіпінің келуі деп түсіну керек. Қылмыс құрамы қылмыс объектісін, объективті жағын, қылмыс субъектісін және субъективті жағын сипаттайтын 4 белгі тобын құрайды. Сыбайлас-жемқорлық қылмыстың нақты құрамдары ҚР ҚК баптарында беріледі.

4.1. Қандай қылмыстар Қазақстанда сыбайлас-жемқорлық болып мойындалады?

Сыбайлас-жемқорлық қылмыс болып ҚР ҚК 176 баптың үшінші бөлімінің г) тармағы; 193 баптың үшінші бөлімінің а) тармағы; 209, 307 баптың үшінші бөлімінің а) тармағы; 308, 310-315 баптардың төртінші бөлімінің в) тармағы; 380 бап қарастырған қылмыстар мойындалады. Мемлекеттік қызмет мүддесіне қарсы сыбайлас-жемқорлық және басқа қылмыстар ҚР ҚК 13 тарауында болады.

Сыбайлас-жемқорлық қылмыстар, әлеуметтік-

құқықтық іс болып, қылмыстық заңнамамен қорғалатын қоғамдық қатынасқа қоғамдық қауіпті әрекет жасау болып табылады. Мұндай қылмыстар қауіпті, себебі қоғамға және қоғамның мүшелеріне саяси, материалды және басқа зиян келтіреді.

Соңғы үш жылда сыбайлас-жемқорлық қылмыстардың өсуі байқалады. Мемлекеттік міндеттерді орындауға өкілеттілген адамдарға және оларға теңелген адамдарға қатысты қылмыстық істер саны 23,8 % (922-ден 1141-ге дейін).

ҚР экономикалық және сыбайлас-жемқорлық қылмыспен күрес жөніндегі Агенттігінің мәліметтері бойынша, сыбайлас-жемқорлық қылмысқа жататын қылмыстың жеке түрлері арасында пара алу фактілері 8,3% (302-ден 327-ге дейін), бөтен мүлікті иемдену немесе шығындану—33,3% (99-дан 132-ге), билікті және лауазымды құзыретті асыра пайдалану—5,3% (57-ден 60-қа дейін), қызмет бойынша әрекетсіздік—2,1 (17-ден 36-ға дейін), қызметтік жалған іс—27,6% (453-тен 578-ге) өсті.

Салыстырмалы талдау көрсеткендей, Қазақстанда сыбайлас-жемқорлық қылмыс негізінен сот арасында жіберілген (0-ден 22-ге), ішкі істер органдарының қызметкерлері арасында—79,7 % (59-дан 106-ға дейін); әділет—13,6 (22-ден 25-ке дейін), Қорғаныс министрлігі—3,5 рет (2-ден 7-ге дейін); селолық округтер мен аудан әкімдері 22,9% (83-тен 102-ге дейін).

Пара алу негізінен бүкіл мемлекеттік органдарда кеңінен таралған жағдай болып қалады. Сыбайлас-жемқорлыққа жақын тұратын мемлекеттік сатып алу, мемлекеттік қызмет көрсету саласы, инвестициялық және жекешелендіру үдерістері, оқсат беру және лицензиялау жүйелері, бюджеттік қаражат пен жерді

бөлу, салық жинау, басшылық орындарға тағайындау және мемлекеттік қызметке орналасу, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметі.

4.2. Сыбайлас-жемқорлық қылмыстың субъектісі болып кім табылады?

Қылмыстық кодекстің сыбайлас-жемқорлық қылмыстарды қарастыратын барлық баптарына тән нәрсе: мұндай қылмыстардың субъектілері ретінде арнайы субъектілер шығады—жалпы белгілерден басқа (белгілі бір жасқа келу және ақыл-есі дұрыс), оларды қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін ерекше қосымша белгілері де болуы тиіс.

Сыбайлас-жемқорлықпен байланысты қылмыс субъектілері, ҚР Жоғарғы соттың 2001 жылғы 13 желтоқсандағы “Соттардың сыбайлас-жемқорлықпен байланысты қылмыстар туралы қылмыстық істерді қарау практикасы туралы” №18 нормативтік Қаулысына сай, мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, әскери күштердің және басқа әскери құрамдардың және республика әскерлерінің лауазымды адамдары, сондай-ақ жауапты мемлекеттік лауазымда отырған адамдар болып табылады. ҚР ҚК 307 бабына берілген қосымшаға сәйкес, лауазымды адамдар болып тұрақты, уақытша немесе арнайы құзыреттілікпен билік өкілдігінің міндетін атқарушы немесе мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, әскери күштерде және басқа әскери құрамдарда және республика әскерлерінде ұйымдастыру-билік жүргізу немесе әкімшілік-шаруашылық міндеттер атқарып отырған адамдар есептеледі.

ШҚО ішкі саясат басқармасы.

(Жалғасы газеттің келесі санында).

Жыр жаһаны

ҒАШЫҚ БОЛҒАН ЖАНДАРДЫ АҚЫН ҚЫЛАР...



МЕДЕТ ӘДІЛХАНОВ

Бұл есім аудан жұртшылығына ұлағатты ұстаз, талантты ақын, той көрігін қыздырар асаба ретінде жақсы таныс. Сондай-ақ, Медеет-Зырян аудандық «Таң нұры» газетінің алғашқы редакторы, өзіміздің «Арай»-«Луч» газетінің тілшісі болған қаламы жүйрік журналист екенін де көрсеткен ерекше талантты жерлесіміз.

Жастайынан өлеңді серік еткен Медееттің оқушылары да өлең өлкесінен өзіндік орнын іздеген жандар. Өткен оқу жылы Медеет пен оның оқушылары үшін өте табысты жыл болды. Юбилейное орта мектебінің 10-сынып оқушысы Бұлбұлхан Талап «Жарқын болашақ» халықаралық олимпиадасының республикалық кезеңіне қатысып қайтса, 9-сынып оқушысы Ж.Дәулетбек Қ.Бітібаева атындағы қазақ тілі олимпиадасының облыстық кезеңінде жүлделі II орынға ие болды. Ал Бибихан Талап облыстық «Махамбет оқуларынан» II орын алды.

Газетіміздің осы санында Медеет Әділхановтың бір топ өлеңдерін оқырмандар назарына ұсынғанды жөн көріп отырмыз.

СЕНСІЗ

Сезіміме сенбеп ең,
Кеттің алыс сен менен.
Сағыныштан жыр жазып,
Жүрегімді емдегем.

Жанымдағы дерт едің,
Жүрегімді өртедің.
Жыр арқылы сыр қылып,
Сезімімді шертемін.

Сенсіз сезім сенделді.
«Сүйгенім тек сен», - деді.
Сағыныштан сарғайдым.
Амал бар ма менде енді.

Сенсіз көгім аласа,
Қайтем арман алдаса?
Қайтем жүрек өзіңді,
Бақытына баласа.

Сенсіз күлмес таң алдан,
Тек сен үшін жаралғам.
Сен келмесең кетердей
Аласарып бар арман.

Сенсіз көңіл шаттанбай,
Жаным мұңға батқандай.
Сенсіз мына өмірім,
Бекер өтіп жатқандай.

Сенсіз талай батты күн,
Жүрегімде жатты мұң.
Сені іздедім, аңсадым,
Қайда жүрсің, шаттығым?!



Аралар өлең гүлзарын,
Ғашықтың тыңда мұң, зарын.
Ұсынар саған жырға орап,
Сағыныш толы гүл-жанын.

Тым жақын, әрі бөтенмін,
Жанымды тербер бөтен мұң.
Сүйсе де сені көп адам,
Сағынып мендей өтер кім?!

Жетектеп жүрек бүлкілі,
Жанымды тербеп жыр гүлі.
Кемпірқосақты көпір ғып,
Жетермін саған бір күні.

Бұл келген сонда кім дерсің,
Көзіңе өзің сенберсің.
Сөзімнен танып өзімді,
Сағыныш дертін емдерсің!



Жаңа жылға - жаңа тілек

Ескіменен жаңасы кескілесіп,
Тағы да бір жыл кетті көшке ілесіп.
Жадыраттың Жаңа жыл жанымызды
Өткен жылғы өкініш кетсін өстіп.

Ғасырлар қойнауына жылжып әрі,
Тағы да бір жыл кетті, тұнжырады.
Өткен жылдың есте қап қуанышы
Жаңа жылға арналар мың жыр-өні.

Жарқырайды шыршада жаңа жылғы от,
Тағы да бір жыл келді жаңа жыр боп.
Барша жанның төріне бақ боп енсін
Өмірімізде болсыншы Жаңа жыл көп.

Бақ-береке, құт болып жерімізге,
Тағы да бір жыл келді елімізге.
Өрқашан да жалғасқан жақсылыққа
Құтты болсын Жаңа жыл бәріңізге!



Жарылып енді ағымнан,
Жыр жазып сені сағынбан.
Ақ құсым едің, бақ құсым
Кеттің-ау ұшып бағымнан.



Сездіріп сезім тоңғанын,
Шырқайды жүрек соңғы әнін.
Бақыттың үркіп бақ құсы
Басқаға барып қонғанын.
Мұнартқан бейнең мұңдалап,
Бойыма бөтен мұң қалап.
Өкетті бірге өзімен
Жүректі бөліп, жаңқалап.



Ұнатамын өзіңді ұнатамын,
Атпайтындай бір сенсіз құла таңым.
Шағаладай шарқ ұрған жағалауда
Жүрегімді жырыммен жұбатамын.

Құса болып жүрегім күрсінеді,
Сезім қайтіп өзіңсіз күлсін енді.
Ғашық болған жандарды ақын қылар,
Махаббаттың құдірет күші ме еді?!



Түн кейіпте көлеңкелер – албасты,
Қаумалап кеп қараңғыға жалғасты.
Көңілімнің шаттық күйі өзгеріп,
Қуанышым үрей, мұңмен алмасты.

Қорқыныш бар бойға кеткен тереңдеп,
Көңілім де әлденеге елеңдеп...
Қысылғанда қалам алдым қолыма
Жұбататын жалғыз досым - өлең деп.



(Жалғасы. Басы газеттің өткен санында).

СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

ТЕРРОРИСТІК АКТІЛЕРДІ БОЛДЫРМАУ ЖӨНІНДЕГІ ХАЛЫҚҚА АРНАЛҒАН ЖАДЫНАМА

Адамдарды кепілге алудың әрбір нақты жағдайы өзгеше және басқалардан ерекшеленеді.

Сонымен қатар егер сіз кепілге алынсаңыз:

1) өз-өзіңізге мүмкіндігінше жылдам келіңіз, тынышталыңыз және үрейленбеңіз;

2) егер өзіңізді байлап немесе көзіңізді жапса, бойыңызды еркін ұстауға тырысыңыз, терең тыныстаңыз;

3) болуы мүмкін қатаң сынаққа жеке адами, моральдық және эмоционалды тұрғыда дайын болыңыз. Осы ретте адамдарды ұстаудың көптеген жағдайларында кепілге алынғандардың тірі қалғандығын есте сақтаңыз. Сізді босату үшін құқық қорғау және арнайы органдары кәсіби шаралар қолданып жатқанына сеніңіз;

4) егер қашып кете алатыныңызға толық сенімді болмасаңыз, қашуға тырыспаңыз;

5) террористер туралы мүмкіндігінше көбірек ақпаратты есте сақтаңыздар. Олардың санын, қарулану дәрежесін мақсатқа сай белгілеу, дене бітіміне, сөйлеу акценті мен тақырыбына, темпераментіне, өзін ұстау мәнеріне және т.б. сыртқы пішінін сипаттайтын ерекшеліктерге көңіл аудара отырып, барынша толық кескінін жасау. Жан-жақты ақпараттың соңынан террористердің жеке бастарын анықтауда көмегі тиеді;

6) әр түрлі белгілер бойынша өзіңіз отырған (қамалған) орынды анықтауға тырысыңыз;

7) мүмкіндігінше терезелерден, есіктерден және адам ұрлаушылардың өздерінен алысырақ, яғни құқық қорғау органдары белсенді шаралар қабылдаған жағдайда (үй-жайға шабуыл, мергендердің қылмыскерлерді көздеп атуы және т.б.) неғұрлым қауіпсіз жерге орналасыңыз;

8) ғимаратқа шабуыл жасаған жағдайда қолды желкенізге қойып, еденге етпеттеп жатуды ұсынады;

9) егер шабуыл жасаған және басып алған кезде Сізбен әделпкіде (Сіздің жеке басыңызды анықтағанға дейін) ықтимал қылмыскер ретінде бірқатар дөрекі іс-әрекетке барса, ашуланбаңыз. Сізді тінтуі, қолыңызға кісен салуы, байлауы, эмоционалдық немесе жеке басыңызға жарақат жасауы, тергеуге алуы мүмкін. Бұл тәрізді жағдайларға түсіністікпен қараңыз, шабуылдаушылардың мұндай әрекеттері (барлық адамды түпкілікті сәйкестендіргенге және шынайы қылмыскерлерді анықтағанға дейін) дәлелденген.

ШҚО Ішкі саясат басқармасы.

(Жалғасы бар)

2016 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН КАТОНҚАРАҒАЙ АУДАНЫНЫҢ БЮДЖЕТІ

Функционалдық топ				Сомасы (мың теңге)
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				
Бағдарлама				
Атауы				
1	2	3	4	5
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	239526,0
		001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	27075,0
		002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	26107,0
		004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	26568,0
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	5208,0
		006	Тұрғын үйге көмек көрсету	1440,0
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	33901,0
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	1161,0
		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	853,0
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	63979,0
		016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	17656,0
		021	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	260,0
		023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	2628,0
		025	Өрлеу жобасы бойынша келісілген қаржылай көмекті енгізу	22837,0
		050	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру	9853,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	169387,0
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	90681,0
		003	Мемлекеттік тұрғын үй қорының сақталуын ұйымдастыру	500,0
		004	Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету	7450,0
		012	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	53184,0
		015	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	8200,0
		018	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	4475,0
		026	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелерін қолдануды ұйымдастыру	7676,0
		041	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу және абаттандыру	9196,0
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	36662,0
		003	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау	3765,0
		005	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	11300,0
		006	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту	21597,0
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	26441,0
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	4521,0

		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	504,0
		010	Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	70,0
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	417,0
		014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	8410,0
		027	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу және абаттандыру	12519,0
	471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	7494,0
		026	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу	7494,0
	478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	8109,0
		024	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу	8109,0
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	228844,0
	478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	207192,0
		001	Ақпаратты, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында жергілікті деңгейде мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	22149,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	420,0
		004	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	7355,0
		005	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	13529,0
		009	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	131663,0
		007	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	27470,0
		008	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	567,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	4039,0
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	5600,0
		008	Спорт объектілерін дамыту	5600,0
	471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	11051,0
		014	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	1200,0
		015	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	9851,0
	454		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі	0,0
		015	Туристік қызметті реттеу	0,0
	493		Ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі	5001,0
		004	Туристік қызметті реттеу	5001,0
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	127928,0
	473		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	82124,0
		001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	21229,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	370,0
		007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	1300,0

		009	Жануарлардың энзоотиялық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүргізу	6607,0
		010	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	1050,0
		011	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	51514,0
		047	Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	54,0
	462		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі	18103,0
		001	Жергілікте деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	18103,0
	463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	15297,0
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	15297,0
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	12404,0
		099	Мамандардың әлеуметтік көмек көрсетуі жөніндегі шараларды іске асыру	12404,0
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	12201,0
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	12201,0
		001	Құрылыс, облыс қалаларының, аудандарының және елді мекендерінің сәулеттік бейнесін жақсарту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағын оңтайла және тиімді қала құрылыстық игеруді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	11691,0
		015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	510,0
12			Көлік және коммуникация	164224,0
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	29379,0
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	29379,0
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	134845,0
		023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	132402,0
		024	Кентішілік (қалаішілік), қала маңындағы ауданішілік қоғамдық жолаушылар тасымалдарын ұйымдастыру	2443,0
13			Басқалар	47199,0
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	38699,0
		040	«Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	38699,0
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	8500,0
		012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	8500,0
14			Борышқа қызмет көрсету	16,0
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	16,0
			Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	16,0
15			Трансферттер	74281,3
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	74281,3
		006	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	571,3

(Жалғасы 7-бетте)

		051	Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілетін трансферттер	73710,0			01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	12354,0				2	Қарыз алу келісім-шарттары	38178,0
			III. Таза бюджеттік кредиттеу	25824,0				1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	12354,0	16				Қарыздарды өтеу	12354,0
			Бюджеттік кредиттер	38178,0					IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0,0			459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	12354,0
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	38178,0					Қаржы активтерін сатып алу	0,0				005	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	12354,0
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	38178,0					Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0,0	8				Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	15864,3
		018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға берілетін бюджеттік кредиттер	38178,0					V. Бюджет тапшылығы (профициті)	-41688,3		01			Бюджет қаражаты қалдықтары	15864,3
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	12354,0				7	Қарыздар түсімдері	38178,0				1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	15864,3
							01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	38178,0						

Катонқарағай аудандық мәслихатының 2016 жылғы 3 тамыздағы № -VI шешіміне 2 қосымша
Катонқарағай аудандық мәслихатының 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 35/274-V шешіміне 6 қосымша

2016 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН АУДАНДЫҚ БЮДЖЕТКЕ ОБЛЫСТЫҚ БЮДЖЕТТЕН ТҮСКЕН НЫСАНАЛЫ АҒЫМДАҒЫ ТРАНСФЕРТТЕР ЖӘНЕ ДАМУ ТРАНСФЕРТТЕРІ

Функционалдық топ					Сомасы (мың теңге)
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі					
Бағдарлама					
Атауы					
1	2	3	4	5	
			II. Шығындар	84569,0	
04			Білім беру	32917,0	
	471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	32917,0	
		004	Жалпы білім беру	0,0	
		009	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	0,0	
		028	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	32917,0	
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	18701,0	
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	18701,0	

		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	18701,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	32897,0
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	32897,0
		005	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	11300,0
		006	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту	21597,0
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	54,0
	473		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	54,0
		009	Жануарлардың энзоотиялық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүргізу	0,0
		047	Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	54,0

Катонқарағай аудандық мәслихатының 2016 жылғы 3 тамыздағы № -VI шешіміне 3 қосымша
Катонқарағай аудандық мәслихатының 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 35/274-V шешіміне 7 қосымша

2016 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН АУДАНДЫҚ БЮДЖЕТКЕ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЮДЖЕТТЕН ТҮСКЕН НЫСАНАЛЫ АҒЫМДАҒЫ ЖӘНЕ ДАМУ ТРАНСФЕРТТЕРІ

Функционалдық топ					Сомасы (мың теңге)			040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	46031,0
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі								028	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	15056,0
Бағдарлама									Өлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	63401,0
Атауы							451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	63401,0
1	2	3	4	5						
01			II. Шығындар	1100312,0				001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5021,0
			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	64866,0				007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	10788,0
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	2140,0				014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	20348,0
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	2140,0				025	Өрлеу жобасы бойынша келісілген қаржылай көмекті енгізу	17391,0
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	14532,0				050	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру	9853,0
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	14532,0		08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	38787,0
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	35404,0		478			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	37633,0
		001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	35404,0				001	Ақпаратты, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында жергілікті деңгейде мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5136,0
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	5012,0				004	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	1511,0
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттың қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5012,0				009	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	22951,0
	454		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі	0,0				007	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	8035,0
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	0,0		454			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі	0,0
	493		Ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі	1739,0				015	Туристік қызметті реттеу	0,0
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті, өнеркәсіпті және туризмді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1739,0		493			Ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі	1154,0
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	2785,0				004	Туристік қызметті реттеу	1154,0
		001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	2785,0		10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	60063,0
	471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	3254,0				462	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі	3179,0
		001	Жергілікті деңгейде білім, дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	3254,0		463			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	1938,0
02			Қорғаныс	328,0				001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1938,0
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	328,0				473	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	16768,0
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	328,0				001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10161,0
04			Білім беру	870891,0				009	Жануарлардың энзоотиялық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүргізу	6607,0
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	159132,0				459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	38178,0
		004	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	20434,0				018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға берілетін бюджеттік кредиттер	38178,0
		041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	138698,0		11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	1976,0
	471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	711759,0				466	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	1976,0
		004	Жалпы білім беру	619993,0				001	Құрылыс, облыс қалаларының, аудандарының және елді мекендерінің сәулеттік бейнесін жақсарту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағын оңтайла және тиімді қала құрылыстық игеруді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1976,0
		005	Балалар мен жасөспірімдерге қосымша білім беру	18237,0						
		009	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	12442,0						

Құрметті аудан тұрғындары және қонақтар!

2016 жылдың 12 қыркүйегінде Қазақстан Республикасының жұлдыздары - MELOMEN тобының «Сүйгенім бол» атты ән кешіне шақырамыз! Катонқарағай ауылдық Мәдениет үйінде - сағат 15.00-де Үлкен Нарын ауылында 19.00-де. Билет бағасы: 12 жасқа дейінгі балаларға - 500 теңге, ересектер үшін – 1000 теңге.

Көтеріңкі көңіл-күй тілейміз!

Білім күнімен құттықтады

Өмір бойы мектебімді жыр етем,
Бір өзіңде бақыт,білім, берекем.
Шәкірттерің өрістесін, өрлесін,
Құтты болсын Білім күнің- мерекең!,-

дегендейін алғашқы қоңырау мерекесі
Топқайың орта мектебінде де аталып өтті. Оның ашылу құрметіне аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы Жанар Большманова, зейнеткер ұстаздар - Бердібек Захаиров, Нұрлан Мәжинов, Гүлбаршын Байғожина, Гүлнар Тауқенова арнайы келіп қатысып, құттықтау сөз сөйледі. Бұл күні алты бүлдіршін алғаш рет мектеп табалдырығын аттап бірінші сыныпқа барды. Оларды биылғы жылы

жаңартылған бағдарламамен қысқа мерзімдік курстан өткен бастауыш сынып мұғалімі Гүл Наз Балғабаева қабылдап алды.

Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына мектептің мектеп ұжымының қандай жетістіктермен келгендігі туралы мектеп директорының міндетін атқарушы Қ. Мақұлбеков қысқаша айта келіп, биылғы оқу жылында зейнеткерлікке шыққан ұстаз Айжамаш Абдулова мен elektrik Сейтжан Қабылбаевқа естелік сыйлықтар беріп, құрметті еңбек демалысына шығарып салды.

А.Ахбутина,
Топқайың орта мектебінің тәрбие ісін ұйымдастырушысы.

Кітапханаға саяхат

2016 жылғы 2-3 қыркүйекте Катонқарағай аудандық кітапханада Үлкен Нарын ауылындағы орта мектептердің бастауыш сынып оқушыларына кітапханамен танысу саяхаты өткізілді.

Кітап – барлық білім мен ғылымның қайнар көзі,сарқылмас бұлағы. Кітап - сегіз қырлы, терең сырлы тәрбиеші,ұлы үйретуші. Балалардың кішкентай кезінен кітапқа деген сүйіспеншілігін,оқуға деген ынтасын арттыру – біздің міндетіміз. Өкінішке орай, біздің балалар кітап оқуды күннен – күнге азайтып барады. Сондықтан кітапханашылар әдебиетті

насихаттаудың жаңа әдістері мен формаларын іздестіріп, кішкентай оқырмандарды кітап пен кітапханаға деген қызығушылықтарын оятуға тырысады.

Балалардың назарларын қызықтыру үшін кітапханада бірнеше тақырыптарға арналған – «Ертегілер еліне саяхат», «Бұл не? Ол кім?», «Жануарлар және өсімдіктер әлемі» атты кітап көрмелері жасалды. «Кітап қалай жасалады?» атты фильм және слайдтар көрсетілді.

Аудандық кітапхана.

ТАБИҒАТ ЖӘНЕ БІЗ**КӨКТЕРЕК ОРМАНШЫЛЫҒЫНДА КЕЗДЕСЕТІН АҢДАР**

Аюлар-жыртқыштар отрядына жататын сүт-қоректі аң.

Олардың денесі шомбал, басы үлкен, құлағы кішкентай, құйрығы қысқа, қалың жүнінен көрінбейді.

Жүні бір түсті, қоңыр, қара, аяғы бес саусақты тырнақты болады. Иіс сезу қабілеті жақсы жетілген, Алтай тауларында аюдың 2 түрі (қоңыр аю, Тянь-Шань қоңыр аюы мекендейді).

Қоңыр аюдың дене тұрқы 2 метрдей, салмағы 150-200 кг-дай, түсі қоңыр, қара қоңыр болады. Өзінің мінез-құлқы жағынан бейқам, момын, қорқақтау келеді, орман ішінде адам көзіне көрінбейді. Ол адамның өмірі үшін қауіпті емес. Қорек талғамайды. Аюлар үш жасында жыныстық жағынан жетіледі. Ұйығуынан 7 ай өткен соң, 2-4 қонжық табады. Қаңтар, ақпан айларында жаңа туған қонжығының салмағы 300-600 г. болады.

Енесінің сүтімен 4,5-5,5 айға жуық қоректенеді, бір-екі жыл енесімен бірге жүреді. Аюлар 30-40 жылдай тіршілік етеді. Буаз аю жеке жүреді, қыста үңгірінде жалғыз жатады. Күзге таман бойына 50 кг туың май жинап, қатты семіреді де, қысқа қарай ұйқыға кетеді. Егер қажетті май қорын жинай алмаса, ұйқыға жатпайды. Аю – бағалы аң. Ол майы және шипалық қасиеті бар өті үшін ауланады. Семіз аюдан 120 кг ет, 50 кг-дай витамині мол май алуға болады. Аю жабайы тұяқты аңдарға, үй малдарына, сондай-ақ, адамға да шабуыл жасайды. Бал омартасына түсуді жақсы көреді. Қоңыр аюлар кәсіптік аң ретінде ауланып келді. Қазір оларды аулауға тыйым салынған.

Еділ Тамшинов,
Үлкен Нарын орман шаруашылығы Көктерек орманшылығының күтуші-қорықшысы.

ЕСКЕ АЛУЛАР

Топқайың ауылының тумасы, ардақты ұл, асыл аға болған **Серғазин Жанарбек Қайырдыұлы** көзі тірі болса, қыркүйектің 9 жұлдызында 39 жасқа толар еді. Оның қазасы жүрекке түскен айықпас дерт болды. Тек бір Алланың шешімі екенін түсініп, өзімізге өзіміз тоқтау айтуға мәжбүрміз.

Еске алып, өзіңді зор сағынышпен,
Шығармай бірге жүрген күндерді естен.
Бейнеңді жүрегінде ата-анаң мен туыстарың,
Сақтайды мәңгілікке өмір-десте.

Еске алушылар: ата-анасы, қарындасы, інісі.



Қайран, қамқор әкешім!
Ойласам бір сәт Сіз жайлы.
Жиырма жыл өтіп кетсе де
Жүрегім менің сыздайды.
Ақылшы, қамқор туысқа,
Балдызға сыйлы «аға» едің.
Жарқылдап, күліп құрдасқа,
Өзіл айтар жан едің.
Мына жалған өмірден,
Әдемі жүріп өткенсің.
Имандылықтың ақ жолын,

Біздерге нұсқап кеткенсің.
Өзіңнен тараған қыздарың,
Көрссе де өмірдің ызғарын,
Дәлелдеп көпке келеді,
Артында қалған із барын.
Қайран, қамқор әкешім!
Қабырдың іші нұр болсын.
Жатқан жерің мамық боп,
Ұрпағың өсіп мың болсын.
Бес күндік жалған өмірде,
Біздерге Сіздей кім болсын?

Он үшінші қыркүйек күні сағат 12⁰⁰-де Катонқарағай ауылындағы қатымханада әкеміз Ерніс Қанапияұлының аруағына арналып берілетін асқа туған-туысқандарымызды, жолдастарымызды, ауылдастарымызды шақырамыз.

Еске алып, асқа шақырушылар: зайыбы, балалары, немерелері.

ХАБАРЛАНДЫРУЛАР

Жұмыс істеп тұрған **дүкен ғимараты сатылады.** Кеңсе (офис) жасауға болады. Дүкен жанында **2-бөлмелі пәтер сатылады,** бағалары келісім бойынша.

Мекен-жайы: Үлкен Нарын а., Абылайхан к-сі, «Асанәлі» дүкені.
Тел: 87776776716; 87055251428.

Төрт бөлмелі үй сатылады. Барлық шаруашылық құрылыстары бар, мал ұстауға қолайлы жер.
Мекен-жайы: Үлкен Нарын а., Панфилов к-сі, 80 үй.
Тел: 87056237747.

Тез арада үш бөлмелі кірпіш үй сатылады. Ішінде суы бар, пешпен жылытылады. Моншасы, жазғы ас үйі, басқа да шаруашылық құрылыстары, үлкен бау-бақшасы бар.
Мекен-жайы: Үлкен Нарын а., Астана к-сі, 3 үй.
Тел: 87759260690.

4 бөлмелі кірпіш үй сатылады. Барлық шаруашылық құрылыстары бар. Ішінде суы бар, жарым-жартылай жиназдалған, құрылыс материалдары бар.
Мекен-жайы: Үлкен Нарын а., Маяковский к-сі, 2/2.
Тел: 8(72341)2-17-40; 87776912385; 87784306514.

1990 жылы салынған 2 пәтерлі кірпіш үйде **4 бөлмелі пәтер сатылады.** Ішінде суы, канализациясы бар, электр қуатымен және пешпен жылытылады, моншасы, көлік-жайы, жазғы ас үйі бау-бақшалық жері бар. Орталық қазандыққа жақын.
Бағасы келісім бойынша.
Телефондар: 87778508740; 2-93-95 (Үлкен Нарын ауылы).

Орталыққа жақын, жаңадан кірпіштен салынған барлық шаруашылық құрылыстары – моншасы, жазғы ас үйі, шұңқыры бар көлікжайы, көмір-отын сақтайтын сарайы, мал қоралары бар **үй сатылады.** Үлкен бау-бақшасы бар. Орталықтандырылған су жүйесіне қосылған (бойлер), ауласында үш құдығы, кірпішпен қаланған 4 погребы бар. Телефон, Ғаламтор және кабельді TV. Тұрған жері жайлы, мал ұстауға қолайлы. (Өскемен қаласындағы пәтерге айырбастау мүмкіндігі бар).
Сондай-ақ, ТЖЖ **ГАЗ-53** **автомобилі** сатылады (немесе малға айырбастауға болады).
Мекен-жайы: Үлкен Нарын а., Нарымная к-сі 70.
Телефон: 2-10-14 (үй); 87054966256.

Семей қаласында, медакадемия маңында **2 бөлмелі 49 м²** жиназдалған пәтер сатылады, 4 қабатта, жөндеуді қажет етпейді. Бағасы келісім бойынша.
ТЖЖ 1969 ж.ш. **ГАЗ-69** **автомобилі** сатылады. Бағасы келісім бойынша.
Қойма сатылады (Үлкен Нарында). Шлакоблоктан салынған. Бағасы келісім бойынша.
Тел: 87053036060.

Үш бөлмелі пәтер сатылады. Барлық шаруашылық құрылыстары – моншасы, қора-қопсысы, шағын бау-бақшасы бар. Қ.Дамитов мектебіне, ауруханаға жақын.
Мекен-жайы: Үлкен Нарын а. Өскембаев к-сі, 24 үй 3 пәтер.
Тел: 2-90-31 немесе 87770648793.

4 бөлмелі ағаш үй сатылады.
Ағаштан салынған моншасы, жазғы ас үйі, көлік-жайы, қора-қопсысы, 17 сот. бау-бақшалық жері бар.
Мекен-жайы: Үлкен Нарын а. Панфилов к-сі, 10 үй.
Тел: 2-12-17; 87777934884.

Екі камералы «Бирюса» тоңазытқышы сатылады. 2013 жылы сатып алынған. Моторы жөндеуді қажет етеді.
Бағасы: 25000 теңге.
Тел: 87756685706; 87074697966.

«Балғын орта мектебі» КММ-не физика пәнінің мұғалімі қажет. Апталық жүктемесі – 7 сағат.
Қойылатын талаптар: арнайы білімі болуы тиіс.
Хабарласу телефоны: 2-09-58.

«Үлкен Нарын орман шаруашылығы» КММ-не – есепші – 1 бірлік қажет.
Қойылатын талаптар: білімі жоғары немесе арнайы орта болуы тиіс.
Мекен-жайы: Үлкен Нарын а. Шулятиков к-сі, 10.
Қосымша анықтамаларды 8(72341)2-13-42; 2-90-66 телефондары арқылы алуға болады.

«Ново-Хайрузовка орта мектебі» КММ-не:
- ағалшын тілі пәнінің мұғалімі – 18 сағат;
- орыс тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі – 18 сағат;
- музыка – 4 сағат (орыс, қазақ сыныптарына);
- география пәнінің мұғалімі – 4 сағат (орыс сыныптарына) қажет.
Қойылатын талаптар: арнайы орта кәсіптік немесе жоғары білімі болуы керек.
Мекен-жайы: Ново-Хайрузовка ауылы, Первомайская к-сі, 2.

Меншік иесі «Шығыс Ақпарат» ЖШС-і. Директоры М.Ә.Белдекбаев	Компьютерлік беттеу операторы: Жанар Рахимбаева Газет нөмірі бойынша кезекші: Жанар Қасымханова	Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркеліп, 04. 05. 2015 жылы № 15348-Г тіркеу туралы куәлік берілген. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазбалар өңделмейді және қайтарылмайды. W белгісі қойылған мақалалар жарнама ретінде жарияланады. Газет «Арай»- «Луч» компьютерлік цехында теріліп, беттелді. Мекенжайы: 070900, Катонқарағай ауданы, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй. Газет «Шығыс - Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Өскемен қаласы, Бажов көшесі, 12. Тел: 8 (723-2)75-15-38. Жарнамалар мен хабарландырулар мәтіндерінің дұрыстығы үшін редакция жауап бермейді.
Катонқарағай ауданы бойынша «Шығыс Ақпарат» ЖШС-нің бөлімі «Арай» - «Луч» газеті Бас редактор Жомарт Жақыпов	Телефондар: Директор-редактор - 8(72-341) 2-90-60, Тілшілер - 2-11-53, 2-19-79. Бухгалтер - 2-19-96. Компьютер цехы (факс) - 2-14-60. Катондағы тілшілер қосыны - 2-13-71. Мекен-жайы: 070900, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй. e-mail: arai-luch@mail. ru	

Газет жұма күні қазақ және орыс тілдерінде шығады.
Офсетті басылым. Көлемі 2 баспа табақ. **Индексі: «Арай» 6 айға - 19313, 12 айға - 19351; «Луч» - 6 айға -19314 12 айға - 19352.** Нөмірдің таралымы - 2465 дана: «Арай»-1430, «Луч»-1035. № 7825